

АЙМАҚТЫҚ ИНДУСТРИАЛДЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

¹Шалдарбеков К. Б.,

²Нурмухамбетова З. С.

¹Қазақстан, Алматы, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Жобаларды басқару» мамандығының докторанты

²Қазақстан, Тараз, М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы

DOI: https://doi.org/10.31435/rsglobal_ijite/01062018/5676

ARTICLE INFO

Received 26 April 2018

Accepted 26 May 2018

Published 01 June 2018

KEYWORDS

project,
regional project,
industrial project,
region,
regional economy

© 2018 The Authors.

ABSTRACT

The article examines the impact of the implementation of regional industrial projects on the development of the region's economy. The authors carried out an analysis of the implementation of projects in the period from 2010 to 2016 in the framework of the state program of industrial and innovative development in the Zhambyl region. In the course of the study, an analysis of the implementation of regional industrial projects in the sectoral context over the past seven years was carried out. Based on the analysis, the impact of the implementation of projects on the diversification of the region's economy was determined and the impact on improving the socio-economic indicators of the region was examined. In particular, the impact of the implementation of industrial projects on the employment of the population in the region has been studied.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы территориясының ерекшелігі және оның әр түрлі белгілері бойынша көп түрлілігі территорияны жеке аймақтарға бөлу қажеттілігін көздейді.

Территория адам қоғамының дамуында, атап айтқанда оның экономикалық қарым-қатынастарында маңызды және көп қырлы рөл атқарады. Ол, өндірістік қызметтің материалдық жағдайын жасау, тұрғылықты халықты жұмыспен қамтамасыз ету, өмір сүру мен тынығуын ұйымдастыру, этникалық қауымдастықтар белгілерін қалыптастыру сияқты маңызды функцияларды орындайды.

Аймақтардың әлеуметтік - экономикалық өсуіне, яғни экономикалық даму мен ресурстық және шаруашылық әлеуетін дамытуға, аймаққа тартылатын инвестициялар әсерін тигізеді. Оларды іске асырудың құралдары ретінде әртүрлі жобалар болып табылады [1].

Қазіргі заманғы көптеген зерттеушілер аймақтық жобаларды басқару аймақтық билік органдарының тарапынан жан-жақты қолдау негізінде және аймақтық басымдықтарға сәйкес жүргізілу керектігін атап отыр [2-5]. Олардың пікірінше, аймақта іске асырылып отырған жобалар сол аймақтың даму мақсаттары мен олардың басымдықтарына сәйкес келген жағдайда ғана, тиімді болады.

Бұл зерттеуде біз аймақтық индустриялық жобалардың аймақ экономикасын дамытуға әсер етуін қарастырамыз.


Зерттеу нәтижелері. Қазақстан Республикасында мемлекеттік индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасы 2010 жылдан бері жұмыс істейді. Аталған бағдарлама ел экономикасын инновациялық бағытта дамытуға және нәтижесінде оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Жамбыл облысында индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде 2010 жылдан бастап 2016 жылдар аралығында жалпы сомасы 150,24 млрд.теңге құрайтын 46 жоба іске асырылды. Бұл бағдарлама бойынша жобаларды іске асыру бірнеше кезеңмен көзделген. Бағдарламаның бірінші кезеңі 2010 – 2014 жылдар аралығында іске асырылды. Қазіргі кезде бағдарламаның екінші кезеңі бойынша жобалар (2015 – 2019ж.) жүзеге асырылып отыр.

Бағдарламаның екінші кезеңінің шеңберінде жалпы сомасы 581,7 млрд.теңге құрайтын және 6,6 мың жаңа жұмыс орындарын құруды көздейтін 27 инвестициялық жоба іске

асырылуда. Аталған инвестициялық жобалардың 70,0 % ауылдық жерде және 30,0 % Тараз қаласында жүзеге асырылып отыр.

Жамбыл облысындағы жүзеге асырылған жобалардың тізіміне қарайтын болсақ, олар экономиканың әр түрлі секторларын қамтиды. Индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде аймақта бұрын болмаған фармацевтика, альтернативті энергетика сияқты салаларда жаңа кәсіпорындар пайда болды.



Сурет 1. Аймақтағы жүзеге асырылған жобалар саны, бірлік

Мысалы, Жамбыл облысында ТМД елдерінде ең алғаш шикізаттан бастап дайын өнімге дейінгі өндірістің толық циклын қамтамасыз ететін медициналық қолқаптарды шығаратын кәсіпорын құрылды. Сонымен қатар, қазақстандық нарықта елеулі үлесі бар құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар бой көтерді. Олар полимерлік құрылыс материалдары, геосинтетикалық материалдар сияқты инновациялық өнім түрлерін шығара бастады.

Жүзеге асырылған жобалардың экономика салалары бойынша үлесін қарастыратын болсақ, ең көп жоба (13) құрылыс индустриясы саласында, агроөнеркәсіп саласында (10) және химия саласында (7) жүзеге асырылды. Сонымен бірге, мұнайхимия, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсібі және тау – кең салаларында жобалар іске қосылды.

Аймақтағы жүзеге асырылған индустриалдық жобалардың жұмысбастылыққа әсерін келесі кесте мәліметтері негізінде қарастырамыз.

Кесте 1. Индустриалдық жобалардың аймақтағы жұмысбастылыққа әсері

Жылдар	Жобалар саны, бірлік	Құрылған жұмыс орындар саны, бірлік	Жобалардың құны, млрд.тг
2010	7	1958	55,4
2011	6	1070	22,1
2012	6	310	2,1
2013	8	626	20,9
2014	6	994	22,84
2015	5	371	7
2016	8	401	19,9
Барлығы	46	5730	150,24

Жалпы, барлығы 7 жыл ішінде Жамбыл облысында жаңа индустриалды жобаларды іске қосу нәтижесінде 5730 жаңа жұмыс орындары ашылды. Ең көп жұмыс орындары 2010 жылы пайда болды. Ол сол жылдағы бірнеше үлкен жобалардың іске қосылуымен түсіндіріледі. Атап айтқанда, «Электрометаллургиялық мини зауыт» ашылды (843 жаңа жұмыс орны), «Мойынқұм ауданында цемент зауыты» құрылды (350 жаңа жұмыс орны).

Қорытынды. Зерттеу нәтижелерінен көрініп тұрғандай, аймақтық индустриалдық жобаларды жүзеге асыру аймақтың экономикасын диверсификациялауға және аймақтың

элеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Жамбыл облысында индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде жаңа 46 жоба іске қосылды және 5730 жаңа жұмыс орындары ашылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нагимов А. Р. Крупные региональные проекты в системе устойчивого развития региона (на примере Республики Татарстан) // Проблемы современной экономики, -№3 (47), 2013г.
2. Stroeve, O. A., Shinkareva, L. I., Lyapina, I. R., & Petruchina, E. V. (2015). Optimization of approaches to the management of investment projects in regions of Russia. *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 6(3 S6), 87.
3. Kuleshov, V. V., & Seliverstov, V. E. (2016). Program for reindustrialization of the Novosibirsk Oblast Economy: Development ideology and main directions of implementation. *Regional Research of Russia*, 6(3), 214-226.
4. Vizhina, I. A., Kin, A. A., & Kharitonova, V. N. (2013). Problems of public-private partnership in implementation of strategic projects of the North. *Regional Research of Russia*, 3(1), 103-112.
5. Sabine Sedlacek and Veronika Gaube, (2010), Regions on their way to sustainability: the role of institutions in fostering sustainable development at the regional level, *Environment, Development and Sustainability: A Multidisciplinary Approach to the Theory and Practice of Sustainable Development*, 12, (1), 117-134